



ӨОЖ 398; 801.8; МҒТАР 17.71.01
<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.04>П.Т. ӘУЕСБАЕВА ¹, Г.Р. ХУСАИНОВА ²

¹филология ғылымдарының кандидаты, доцент
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: ksaryarka@inbox.ru

²филология ғылымдарының докторы
РФА Уфа федералды зерттеу орталығының тарих, тіл және әдебиет институты
(Башқұртстан, Уфа қ.), e-mail: bashfolk@yandex.ru

ТҮРІКТАНУШЫ Н.Н. ПАНТУСОВТЫҢ ЖИНАҒЫНДАҒЫ «ҚАРАМЕРГЕН» ЕРТЕГІСІНІҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Қазан төңкерісінен бұрын қазақ тілінде жарыққа шыққан басылымдардың, жинақтардың қазіргі уақытта фольклордың, этнографияның, әдеби, мәдени өмірдің зерттелуі үшін маңызы зор. Бұл құнды деректер арқылы қазақтың халық ауыз әдебиетінің қалай жиналып, қай жерлерде сақталғаны, кімдер арқылы қалай жарыққа шыққаны туралы мол мағлұматтар алуға болады. Ресейге бодандыққа түспей тұрғанға дейін Қазақстанда кітап шығару мүмкін болмады. Бірен-саран шыққан кітаптар көне түрік, араб, парсы тілдерінде болды. Ал қазақтың қисса-дастандары, батырлық жырлары, ертегілеріне арналған кітаптар Петербургте, Қазанда, Орынборда, Ташкентте басылды. Көбінесе Қазан университетінің Кәрімовтер мен Құсайыновтардың баспаларынан шығып тұрды. Кейін XIX ғасырдың орта кезеңіне қарай орыс ғалымдары түрік тілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының болмыс-бітімін, тұрмыс-салтын, дінін, тілін, ауыз әдебиетін зерттеп, жан-жақты талдап, зерделеуге, материалдар, деректер жинауға тырысты. Осы белгілі шығыстанушы-түріктанушылардың қатарында мына ғалымдарды ерекше атауға болады: Н.Ф. Катанов, А.Е. Алекторов, П.М. Мелиоранский, В.В. Бартольд, И.Н. Березин, А.В. Васильев, Н.Я. Саркин, М.Н. Бекимов, Ә.А. Диваев, А.Д. Нестерев, Н. Пантусов, Н.И. Ильминский, Г.Н. Потанин және т.б. Зерттеушілер жинап, зерттеген фольклорлық шығармалардың көбі осыдан бір ғасыр бұрын, тіпті одан да арғы уақытта жарияланғаны кітапханалардағы сирек басылымдар қоры мен архивтердегі материалдарды мұқият зерттеу барысында анықталды. Ал осы ауыз әдебиеті шығармаларының барлығы бірдей дерлік кейін кеңестік дәуірде де, егемендік алған кезеңде де әлі күнге дейін толық қайтадан баспа бетін көріп, жарияланған жоқ. Сол мақсатпен Қазан төңкерісіне дейін жарияланған бір шығарманың мәтінін бергі заманда басылым көрген нұсқасымен салыстырып, текстологиялық зерттеу жұмысын жасауды жөн көрдік. Осы жұмыс арқылы түпнұсқа мен кейінгі басылым көрген мәтін арасында айырмашылық пен ерекшеліктің бар-жоқтығын анықтау еді. Нәтижесінде осындай әдіс қолдану арқылы зерттеу жұмысымыздың құндылығы артты, бағытымыздың дұрыс екенін түсіндік. Мақалада орыс шығыстанушы, түріктанушы ғалымдарының қазақ халық

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Әуесбаева П.Т., Хусаинова Г.Р. Түріктанушы Н.Н. Пантусовтың жинағындағы «Қарамерген» ертегісінің текстологиясы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №4 (130). – Б. 45–55. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.04>

***Cite us correctly:**

Auesbaeva P.T., Husainova G.R. Turiktanushy N.N. Pantusovtyn jinagyndagy «Qaramergen» ertegisinin tekstologiasy [Textology of the Fairy Tale «Karamergen» from the Collection of Turkicologist N.N. Pantusov] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4 (130). – B. 45–55. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.04>

ауыз әдебиетінің бай мұрасын жинап, зерттеген еңбектерінің ішіндегі қазақ ертегілерінің бірі «Қарамерген» ертегісінің текстологиясы қарастырылады.

Кілт сөздер: шығыстанушы-түріктанушы, фольклор, ертегі, мәтін, текстология.

Р.Т. Ауесбаева¹, Г.Р. Хусайнова²

¹*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Leading Researcher at the Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: ksaryarka@inbox.ru*

²*Doctor of Philological Sciences
Institute of History, Language and Literature of the Ufa Federal Research Center
(Bashkortostan, Ufa), e-mail: bashfolk@yandex.ru*

Textology of the Fairy Tale «Karamergen» from the Collection of Turkicologist N.N. Pantusov

Abstract. Books published in Kazakh before the October Revolution are important for the study of folklore, ethnography, literary, cultural life of modern Kazakhstan. Valuable sources allow modern researchers to get new information about how the oral literature of the Kazakh people was collected, where it was preserved, how and by whom it was published. Before joining Russia, books in the Kazakh language were not published in Kazakhstan. There were separate editions in Arabic, Persian and Chagatai languages. Books including Kazakh poems, heroic epics, fairy tales were published in St.Petersburg, Kazan, Orenburg, Tashkent. They were published in the Karimov and Kusainov printing houses at Kazan University. By the middle of the XIX century, Russian scientists began to collect materials, study and comprehensively analyze the way of life, lifestyle, religion, language and oral literature of the Turkic-speaking peoples, including Kazakhs. Among them are famous orientalist-turkologists N.F. Katanov, A.E. Alektorov, P.M. Melioransky, V.V. Bartold, I.N. Berezin, A.V. Vasiliev, N.Ya. Sarkin, M.N. Bekimov, A.A. Divaev, A.D. Nesterev, N. Pantusov, N.I. Ilminsky, G.N. Potanin and others. In result of study of rare publications in libraries and materials in archives, it was found that most of the folklore works collected and studied by researchers were published a century ago, or even earlier. Manche of these works of oral literature wurden not republished, either in Soviet times or during the period of independence. In this article, a textual study is carried out based on a comparison of the text of a work published before the October Revolution with a version published today. Due to comparative analysis in the historical context, it is established whether there is a difference and differences between the text in the original and its later edition. The article examines the textual structure of Kazakh fairytale «Karamergen», which was collected and studied by Russian Orientalists and Turkologists.

Keywords: orientalist-turkologist, folklore, fairy tale, text, textology.

П.Т. Ауесбаева¹, Г.Р. Хусайнова²

¹*кандидат филологических наук, доцент
ведущий научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауезова
(Казakhstan, г. Алматы), e-mail: ksaryarka@inbox.ru*

²*доктор филологических наук
Институт истории, языка и литературы Уфимского федерального исследовательского центра
(Башкортостан, г. Уфа), e-mail: bashfolk@yandex.ru*

Текстология сказки «Қарамерген» из сборника тюрколога Н.Н. Пантусова

Аннотация. Издания, сборники, изданные на казахском языке до Октябрьской революции, имеют в настоящее время большое значение для изучения фольклора,

этнографии, литературной, культурной жизни. С помощью этих ценных данных можно получить много информации о том, как собиралась устная литература казахского народа, где она сохранялась, как и кем издавалась. До присоединения к России издавать книги в Казахстане было невозможно. Были отдельные издания на арабском, персидском и чагатайском языках. Книги, включающие казахские поэмы, героические эпосы, сказки, издавались в Петербурге, Казани, Оренбурге, Ташкенте. Чаще всего они издавались в типографиях Каримовых и Кусайновых при Казанском университете. Позже, к середине XIX века, русские ученые пытались собирать материалы, изучать и всесторонне анализировать быт, образ жизни, религию, язык и устную литературу тюркоязычных народов, в том числе и казахского народа. Среди этих известных востоковедов-тюркологов можно выделить таких ученых, как: Н.Ф. Катанов, А.Е. Алекторов, П.М. Мелиоранский, В.В. Бартольд, И.Н. Березин, А.В. Васильев, Н.Я. Саркин, М.Н. Бекимов, Ә.А. Диваев, А.Д. Нестерев, Н. Пантусов, Н.И. Ильминский, Г.Н. Потанин и другие. В ходе тщательного изучения материалов из фондов редких изданий в библиотеках и архивах установлено, что большая часть фольклорных произведений, собранных и изученных исследователями, была опубликована столетие назад, а то и раньше. И почти все эти произведения устной литературы не были переизданы ни в советское время, ни в период обретения независимости. В данной статье проведена текстологическое исследование на основе сравнения текста одного произведения, изданного до Октябрьской революции, с вариантом, опубликованным в наши дни. Благодаря сравнительно-сопоставительному анализу в историческом контексте установлено, есть ли разница и отличия между текстом в оригинале и его более поздним изданием. В статье рассматривается текстология казахской сказки «Карамерген», одной из казахских сказок среди богатого наследия казахской устной литературы, сбором и изучением которого занимались русские востоковеды и тюркологи.

Ключевые слова: востоковед-тюрколог, фольклор, сказка, текст, текстология.

Кіріспе

XX ғасырға дейінгі орыс шығыстанушы-түріктанушы ғалымдарының қазақ даласына жасаған академиялық экспедициялары кезінде қазақтың ауыз әдебиетіне, фольклорына, этнографиясына байланысты құнды, мол материалдар жинақталған болатын. Сол жиналған мол мұраның көбі әлі күнге дейін толық жарияланбаған еді. Материалдардың кейбіреулері бұдан жүз, тіпті екі жүз жыл бұрын жарық көрген. Осы уақыт аралығында ол шығармалар қайта басылмаған. Сондықтан бұл басылымдар бүгінде сирек кездесетін библиографиялық еңбекке айналып үлгерді. Олар еліміздің ірі кітапханаларының қорларынан да табылмауы мүмкін. Тағы бір ескерерлігі, объективті себептерге байланысты жарық көрген басылымдардың өзі берілген материалдарды толық қамти алмаған. Біз қазақ фольклоры мен әдебиетін жинақтап, жарыққа шығарған, қазақ халқының тіршілігі мен өмірін суреттеп жеткізген ғалымдардың еңбегін жоққа шығармаймыз. Олардың әрі терең, әрі ауқымды зерттеу жүргізудегі еңбектері орасан зор. Орыс жинаушы, зерттеуші ғалымдарының еңбектері арқасында қазақ фольклоры мен әдебиетіндегі көп мәтіндер, Ұлы дала көшпелілерінің өмірі жайлы тарихи және этнографиялық мәліметтер сақталып қалды.

Орыс ғалымдарының жинаған, зерттеген материалдары, жазған ғылыми еңбектері қазақ даласына шыққан экспедициялармен ғана шектелмейді. Олар ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту, өлкетану мекемелерін ұйымдастырушылар да болды. Мысалы, 1845 жылы Левшин мен Дальдің инициативасымен Омбы, Орынбор, Семей қалаларында орыс география қоғамының бөлімшелері ашылды. Осы аталған мекемелер арнайы адамдарды дайындап өткізіп, қазақ даласының түпкір-түпкіріне жіберіп, қазақ жерінің тау-тасын, қазба байлығын, суын, өсімдіктерін, аң-құстарын, климатымен қоса жергілікті тұрғындар, халқы жайлы, қазақ

хандығы, салт-дәстүрі, ұстанымы жайлы толық мағлұмат, ақпараттар жинап, бір жүйеге түсіруге тырысты. Ғалымдар зерттеу жүргізген тақырыптарына сай, соған лайықты халық арасына таралған ертегілер, жыр мен аңыздарды, әңгімелерді де қоса жинастыра жүрген. Кейін осы мәліметтер мен деректердің арқасында том-том жинақтар жарыққа шықты. Ал бұл кітаптар өз кезегінде Кеңестер одағының көптеген қалаларындағы кітапханалар мен архив қорларында сақталып қалды. Бұл орыс жинаушы-зерттеуші ғалымдардың еңбектерінің құндылығы сонда олар тек материалдарды жинап қана қоймаған, сонымен қатар олар оған өз көзқарастары мен терең, байсалды ғылыми пікірлерін білдіріп отырған. Мысалы, ауыз әдебиетінен, фольклордан жинаған материалдардың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері жайлы берген ғылыми бағаларының мәні зор. Сондай-ақ зерттеуші ғалымдар ауыл-ауылды, жер-жерді аралап жүріп, халық ауыз әдебиетінің шығармаларын айтушыларды өз көздерімен көріп, өз құлақтарымен естіп, өздері шығармаларды таза, табиғи қалпын бұзбай жазып алуға тырысқан. Жинап алған материалдардың негізінде өздерінің талғамдары мен түсініктерін шынайы, ашық айтып, әділ бағаларын берді. Халық арасынан шыққан ақындық қабілеті мықты дарынды тұлғалар мен халық жырларының идеялық-көркемдік қасиеттері туралы айтқан бұл шығыстанушылардың анықтамалары ерекше жоғары болды, олар халық поэзиясын жоғары сатыға көтерді. Түріктанушылар қазақтың халық әдебиеті өте бай және әр алуан екендігін мойындады.

Орыс ғалымдарының жинаған осы құнды мұралары қазақтың ауыз әдебиеті мен фольклоры үшін таптырмас байлық, аса бағалы сый болды. Қорларда сақталған материалдардың барлығы фольклортануда әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Қазақтың ауыз әдебиетін әр қырынан зерттегенде осы жиналған шығармалар молынан пайдаланылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ауыз әдебиетінің көптеген түрлері жарық көрді, солардың ішінде батырлар жыры мен ертегілер, айтыстың түрлері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жоқтау, бата, халық өлеңдері, т.б. көптеп кездеседі. Жиырмамыншы ғасырға дейінгі кезеңде қазақ фольклоры мен ауыз әдебиетін жинақтап, зор игілікті істер жасаған орыс шығыстанушы-түріктанушыларының қатары көбейе түсті. Олар: Н.Ф. Катанов, А.Е. Алекторов, П.М. Мелиоранский, Н.Я. Саркин, М.Н. Бекимов, Ә. Диваев, А.Д. Нестерев, Н. Пантусов. Сондай-ақ В.В. Радлов, Н.И. Ильминский, Н.М. Ядринцев, Г.Н. Потанин, И.Н. Березин, А.В. Васильев, Г.И. Спасский, Н.Ф. Костылецкий, А.Н. Харузин, М.М. Мироппиев, Я. Лютш, А.Ф. Гумбольдт, А. Мелков сияқты тағы басқа да көптеген ғалымдардың есімдерін құрметпен еске алуға болады.

Осы есімдері аталған ғалымдар қазақ жерін, ауылдарын көп аралап, қазақ халқының ауыз әдебиетіне қатысты мол материалдар жинақтайды. Соның ішінде қазақ ертегілерін әр өңірден біраз жинап, топтастырып, еңбектерінде жариялаған.

Орыс шығыстанушы, түріктанушы ғалымдарының қазақ ертегілерін жинауы мен зерттелу барысына мән беріліп, ғылыми мәнді тұстары негізге алынды. Атап айтқанда, А.Е. Алекторов [1, 258–272-бб.], Ә. Диваев [1, 193–254-бб.], Н. Пантусов [1, 102–137-бб.], Г.Н. Потанин [1, 403–494-бб.], А.В. Васильев [1, 411–475-бб.], А. Мелков [1, 353–376-бб.], Н.И. Ильминский [1, 63–73-бб.], А. Белослюдов [1, 377–402-бб.], В.В. Радловтың [2, 41–103-бб.] жинаған ертегілері назарға алынды. Осы аталған ғалымдардың (В.В. Радловтан басқасы) тақырыпқа қатысты, Қазан төңкерісіне дейін жарияланған еңбектерінің көбі 2022 жылы алғаш рет қайтадан баспадан жарық көрді [1, 744-б.]. Сондай-ақ фольклортанушы Б. Әбжеттің мақаласындағы ғылыми ой-пікірлері біздің зерттеу тақырыбымызды жазу барысында негізге алынды [3, 7–15-бб.].

Тақырыпты зерттеу барысында белгілі қазақ ертегісі «Қарамергеннің» қолжазбасы мен басылым көрген нұсқаларына текстологиялық (мәтінтанулық) тұрғыда салыстыру, сипаттау, жинақтау, ғылыми талдау әдістері пайдаланылды.

Талдау мен нәтижелер

Орыс шығыстанушы, түріктанушы ғалымдары қазақ ертегілерінің барлық бес түрін де жинаған. Олар: қиял-ғажайып, новеллалық, батырлық, хайуанаттар туралы және сатиралық ертегілер. Ал енді осы зерттеу жұмысының нәтижесінде орыс түріктанушысы Н.Н. Пантусовтың қазақ елін аралап жүріп жазып алған әрі жариялаған ертегілерінің бірі, қиял-ғажайып ертегінің түріне жататын «Қарамерген» ертегісінің алғашқы нұсқасын 1988 жылы екінші рет жарық көрген жарияланымымен салыстырып, текстологиялық әдіс-тәсілдер негізінде зерттеп, баспа бетін көрген ертегі мәтінінің құрастырушылар тарапынан қаншалықты өзгеріске түсіп бұрмаланғаны, қазақтың ежелгі сөздерінің мәні сақталмай өзгеріске түскені анықталды, мысалдар келтіріле отырып дәлелденді. Сондай-ақ зерттеудің нәтижесін отандық гуманитарлық ғылымдар саласында іргелі зерттеумен айналысатын ғалымдар мен докторанттар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, магистрлері мен студенттері дерек көз ретінде пайдалана алады.

Мақаламызда зерттеу нысанына алынып отырған шығарма – «Қарамерген» атты ертегі. Ол алғаш рет 1901 жылы орыс түріктанушысы Н.Н. Пантусовтың «Материалы к изучению казак-киргизского наречия» (Пантусов Н.Н., 1901: 35-40) деген жинағында араб әрпімен, қазақ тілінде транскрипциясымен және орыс тілінде аудармасымен жарияланған. Бұл ертегі мұнан кейін тек 1962 жылы Алматы қаласында «Казахские сказки» атты жинақтың 2-томында, орыс тілінде жарық көреді. Сонан кейін М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері дайындаған ертегілердің (Т. Алпысбаев, 1988: 7–11) құрамында, 2000 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Қазақ ертегілері» атты жинақта және «Бабалар сөзі» жүз томдығында [5, 9–15-бб.] жарық көрді. Пантусов жинаған «Қарамерген» ертегісінің көшірмелері Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында (№74-папка, латын әрпінде 8–12-бб.; №56-папка араб әрпімен 8–12-бб.) сақталған. Алайда Әдебиет институтының қолжазба қорында аталған ертегі нұсқасы кездеспеді.

2013 жылы институт қызметкерлері «Шетелдегі қазақтардың фольклоры мен өнері» жобасы аясында Қытай халық республикасы Шинжияң өлкесінде қазақтар жиі қоныстанған өңірлерге ғылыми іссапармен барып, институттың қолжазба қорына 25 томдық қазақтың халық ауыз әдебиеті мұраларына арналған жинақтармен қоса, басқа да жеке кітап болып шыққан қазақ фольклорына арналған мол мұра жинап алып келді. Осы жиналған қытай қазақтарының мұраларын мұқият қарап шыққанымызбен онда «Қарамерген» ертегісі жарияланбағаны анықталды.

Сонымен қатар, орыс түріктанушылары мен шығыстанушыларының Қазан төңкерісіне, тіпті, 1920 жылға дейінгі қазақтың ауыз әдебиетінің, фольклорының мол мұраларын жинап, жариялаған еңбектерінің көбі бір жинаққа жинақталып, 2022 жылы қайтадан жарық көрді [1]. Осы жинақта «Қарамерген» ертегісі де жарық көрді [1, 106–110-бб.]. Енді осы ертегінің 1901 жылы жарияланған түпнұсқасымен 1988 жылы жарық көрген нұсқасын өзара салыстырып, зерттеп, талдап көрейік. Ол үшін екі мәтінді кестеге салып, айырмашылықтарын анықтаймыз (1-кесте).

Ертегіде бас кейіпкер Қарамергеннің аң аулап жүріп, алдымен түнде жезтырнақпен кездесіп, одан аман-есен құтылуы, кейін көшпелі перілер елінің сұлу қызымен кездесіп көңіл қосуы, бақытқа бөленуі, бірақ артынан қыздың шартын орындай алмай ұйықтап қалып, қыздан айырылып қалған оқиғасы баяндалады.

1-кесте – «Қарамерген» ертегісінің 1901 және 1988 жылдардағы нұсқаларының салыстырмасы.

1901 жылғы нұсқа	1988 жылғы нұсқа
1	2
Бұрынғы өткен заманда қазақ жұртының бір Қарамерген деген кісісі болыпты.	Бұрынғы өткен заманда қазақ жұртынан бір Қарамерген деген кісі болыпты.
Өзінің дәулеті жоқ және перзенті жоқ екен.	Өзінің дәулеті және перзенті жоқ екен.
Мергендікпенен бұғы атып мүйізін, құлан атып сауырсынын, әр түрлі аң атып, терісін сатып, жан сақтайды екен.	Мергендікпен бұғы атып, құлан атып, әр түрлі аң атып, терісін сатып жан сақтайды екен.
Жаз кетсе, қыс келіп, қыс кетсе, жаз келіп, жолдассыз жалғыз жүрер екен.	Жаз келсе, қыс кетіп, қыс келсе, жаз кетіп, жолдассыз жалғыз жүреді екен.
Бір күндерде баяғы мерген мылтығын алып: «Қысы-жазы ел бармайтұғын, адам жүрмейтұғын бір алыс жерге барайын» деп, жүріп кетіпті.	Бір күндерде мерген мылтығын алып: «Қысы-жазы ел бармайтұғын, адам жүрмейтұғын бір алыс жерге барамын» деп, жүріп кетіпті.
Неше күн жол жүріп, бір үлкен тауға келіпті...	– (Бұл сөйлем түсіп қалған)
Бір сайменен атын жаяу жетелеп, көп машақат тартып, таудың үстіне шығыпты.	(Басындағы сөйлем жоқ) Көп машақат тартып, таудың үстіне шығыпты.
Жан-жағына қараса, аң-киік еспесіз көп екен.	Жан-жағына қараса, киік қисапсыз көп екен.
... тастан үй жасапты, төбесін жолым үйдей қылыпты, бірталай уық ағашпен, үйдің төбесін аңның терісімен жауыпты.	тастан үй жасапты, төбесін бірталай усақ ағашпен, аңның терісімен жауыпты.
–	Жеті, сегіз күнде болдырған аты семіріп, құр ат болыпты.
Мерген туғалы мұндай шөпті неше түрлі болып бірге өскенін көрген жоқ екен.	Қарамерген туғалы мұндай сан түрлі жемістер өскен жерді көрген жоқ екен.
Және неше түрлі ағаштар, неше түрлі қызыл-жасыл қиялар біткен, бұлбұл құстары сайраған, ісі жұпар қалампыр сасып тұрған бір жақсы жазира екен.	Неше түрлі ағаштар біткен, бұлбұл құстары сайраған бір жақсы жайлау екен.
Мерген көп аң атып, мүйіз, терілерін сымбалдап, қатырып жатты.	Мерген көп аң атып, мүйіз, терілерін тұздап, қатырып жатты.
Ешбір жауап қылмай, бір тізелен отырыпты.	Ешбір жауап қылмай, бір тізерлей отырыпты.
екі көзін мерген де айырмады, ол қатын да айырмады...	қатын екі көзін мергеннен айырмады..
Үндемей жеңінің ішінен қолын көрсетпей келіп...	Үндемей жеңінің ұшынан қолын көрсетпей етті алып...
Онан соң және бір үлкенірек етті шаншып «мә!» деп, тағы ақырды, тағы да үндемей баяғысындай алып, жұтып қойды...	Әлден соң және бір үлкенірек етті шаншып «мә!» деп, тағы ақырды, тағы да үндемей (сөз түсіп қалған) алып, жұтып қойды.
Мерген ойлады «Енді келе жатыр ғой қайтемін» деп қараса, қатын аяндап келе жатыр...	Қараса, қатын аяндап келе жатыр.
Аллаға сыйынып, мылтықпенен мерген атып еді.	Мұның жалмауыз екенін біліп, мылтығымен мерген атып еді...
Үстіне жайған киімі тілініп, шұрқ-шұрқ тесіліп қалыпты.	...кісіге ұқсатып жатқызған ағашы пышақпенен кескендей болып кертіліп, бөлек-бөлек болып қалыпты.

1	2
Қатынның <i>дыбысы</i> шықпады	Қатынның <i>дауысы</i> шықпады
Бір жылан <i>басы көк темір екен, мойнын үзіп түскен екен.</i>	Бір жылан екен, <i>басы үзіліп түскен екен.</i>
Бір ақ торғыннан <i>қылған неше түрлі алтын зерменен зинаттаған сүлгі орамал келіп, алдында салбырап тұрды.</i>	Бір ақ торғыннан <i>жасалған сүлгі орамал келіп, алдында салбырап тұрды.</i>
<i>Жүктің үстінен бір алтынды шымылдық барып, оң босағасына құрылды.</i>	Бір алтын шымылдық <i>үйдің оң босағасына құрылды.</i>
Қыз айтты «Біз көшпелі <i>пері</i> боламыз».	Қыз айтты: «Біз көшпелі <i>жерден</i> боламыз».
<i>Бір мезгілде шошып оянып қараса... хан қазына бәрі де жоқ.</i>	Қойнында қыз да жоқ, баяғы үй де жоқ, бәрі де жоқ.
Жамбасының астында <i>неше қабат</i> асыл көрпе қалыпты.	Жамбасының астында асыл көрпе қалыпты.
<i>Айландыра</i> кесіп алып кетіпті.	<i>Айнала</i> кесіп-кесіп алып кетіпті.
<i>өзін-өзі боқтап</i> «неге ұйықтадым» деп пұшайман болып отырды.	<i>кейіп</i> «неге ұйықтадым» деп пұшайман болып отырды.
« <i>Брысы жоқтың етегіне бидай салса, еті түртіп, бидайын төгеді</i> » деген осы екен деп жылап отыр еді.	– (<i>Бұл сөйлем түсіп қалған</i>)
« <i>Қай жағымнан шығады?</i> » деп, алаңдап тұрып еді.	<i>Дауыс</i> қай жағымнан шығады.
– <i>Әй, сорлы, енді жылама, көзіңе ақ түссін!</i>	– (<i>Бұл сөйлем түсіп қалған</i>)
Ақыры, <i>Құдайдың құдіретімен</i> , бұл мерген есепсіз бай болып, <i>ам</i> хан болып, дүниеден қайтты.	Ақыры бұл мерген <i>қисапсыз</i> бай болып, <i>хәм</i> хан болып дүниеден қайтты.

Ертегідегі жезтырнақпен байланысты сюжеттер аңшылық кәсіппен айналысушылар ортасында кең тараған. Сырт келбеті сыңғырлаған сұлу келіншек болып көрінгенмен, оның бүркіттей өткір тырнақтары құлаштай бөренелердің парша-паршасын шығарардай мықты. Жезтырнаққа қатысты хикаялар бір сарынды: әдетте жезтырнақ отқа ет пісіріп отырған аңшы не жолаушылардың ошағына келіп, бірге ет жеседі. Одан сезіктенген кейіпкер жатарда өз орнына бөрене не томарды киіндіріп, өзі сырттан аңдып отырады. Түн ортасында жезтырнақ қайтып келіп, бөренеге тырнақ салып жатқан жерінен аңшы оны атып өлтіреді [6, 22–23-бб.]. Жезтырнақтың адам әлемінен тысқары жатқан басқа әлем өкілі болып табылатын болмысы жайлы ертегілерге арналған зерттеу мақалаларда қарастырылады [7, 61-б.]. Ал енді ертегіде кездескен *пері* мәселесіне келетін болсақ, түркі халықтарында *перілер* көбіне ару қыздар түрінде суреттеледі, тіпті ертегілік *перілер* сұлулық символы болып табылады. Хикаяларда да олардың ерекше көріктілігіне мән беріледі [8, 221–227-бб.]. *Перілер* сұлулығымен адамды өздеріне ғашық етіп, бірқатар уақыт жұбайы ретінде бірге тұрады. Кейде *перілер* арнайы ерекше адамдарды қалап, жұп құратын. Олардан туған бала да басқалардан көп ерекшеленеді, мысалы: Едіге, Шыңғысхан. *Перілер* адамдар арасында тұра алғанымен, олар өз дүниесіне қайтуға мүдделі. *Пері* әйелдікке келіскенімен, міндетті түрде шарт қояды, бұл шарттардың мазмұны адам мен *пері* екі дүниеге тиесілі екенін еш уақытта ұмытпауға саяды. Осы мазмұндас хикаялардың шығу тегі мифтен басталып, ертегіге ұласып жатады [6, 26-б.]. Жалпы хикая жанры мен оның негізгі кейіпкерлерінің бірі болып табылатын жезтырнақ пен *пері* жөнінде біршама мәліметті «Turkic «hikaya» genre and its characters» атты мақаладан алуға болады [9, 87–106-бб.].

Енді ертегі мәтінінің өзіне келетін болсақ, байқап отырғанымыздай, ертегінің екі мәтінінің мазмұнында еш өзгеріс жоқ. Бірақ 1988 жылы шыққан мәтінде ертегінің 1901 жылы жарияланған түпнұсқасымен салыстырғанда, лексикалық және стилистикалық алшақтық байқалады. Атап айтқанда, екінші ертегінің мәтіні біраз әдеби редакцияға ұшыраған. Әрине, баспадан шығатын ертегіні дұрыстап, түсінікті ету үшін редакциялау қажет. Алайда ол редакция ертегі стилін, ауызекі сөйлемнің ерекшелігін бұзбауға тиіс. Осы талданып отырған ертегідегі редакциялық түзетулер ертегі стилін бұзып, ауызекі тілді әдеби тілмен алмастырып жіберген. Енді осы айтылғандарды мысал келтіре отырып дәлелдейік. Алдымен екі мәтіннің сөйлемдеріне назар аударайық. 1988 жылғы нұсқада алғашқы түпнұсқадағы сөйлемдерге өзгерістер енгізген. Құрастырушылар ол өзгерістерді енгізбей-ақ сол қалпында қалдырса да болатын еді, себебі ол сөйлемдер оқырмандарға түсінікті тілмен жазылған. Екінші мәтінде ертегі ауыз әдебиетіне, фольклорлық шығармаға тән ауызша сөйлеу стилі жөнделіп, барынша жазба әдебиетке жақындастырылған. Осы жерде тағы бір айта кететін мәселе бар. Алғашқы 1901 жылғы жарияланған ертегінің бас жағында *құлан атып сауырсынын* деген қазақтың көне сөзі араласқан сөз тіркесі кездеседі. Мұндағы «сауырсын» деген сөз «малдың жотасынан құйымшағына дейінгі арқасының үстіңгі жағы» деген мағынаны білдіреді [10, 37-б.]. Түпнұсқадағы бұл сөз тіркесі ертегінің 1988 жылғы жарияланған нұсқасында мүлдем жоқ, алынып тасталған. Кітапты құрастырушылар өздері шешім қабылдап, оқырмандарға түсініксіз сөз, қажет емес деп шешкен. Осы сияқты келесі сөйлемдердің бірінде «Мерген көп аң атып, мүйіз, терілерін *сымбалдап* қатырып жатты» деп берілген. Ал екінші мәтінде «Мерген көп аң атып, мүйіз, терілерін *тұздап*, қатырып жатты» деп, *сымбалдап* сөзін *тұздап* деген сөзбен алмастырған. «Қазақ әдеби тілінің сөздігіне» [10, 502-б.] қарайтын болсақ: *сымбалда* – *мығымдап байлау, теңдеу* дегенді білдіреді. Сол өңірдің ертегішісі қолданған қазақтың көне сөзін жинақты құрастырушылар өз тарапынан өзгертіп, мағынасын басқа сөзбен ауыстырған.

Енді ертегінің келесі сөйлемдеріне тоқталайық: 1901 жылғы түпнұсқаның 6-шы сөйлемінде «*Неше күн жол жүріп, бір үлкен тауға келіпті...*» деп берілген, ал екінші мәтінде бұл сөйлем мүлдем жоқ. Жетінші сөйлемде «*Бір сайменен атын жаяу жетелеп, көп машақат тартып, таудың үстіне шығыпты*» деп берілген, ал екінші мәтінде «*Көп машақат тартып, таудың үстіне шығыпты*» деп қысқартып берген. Тоғызыншы сөйлемде «*Мерген қуанып, бір бастаудың басына келіп, тастан үй жасапты, төбесін жолым үйдей қылыпты, бірталай уық ағашпен, үйдің төбесін аңның терісімен жауыпты*» деп берілген, екінші мәтінде «*Мерген қуанып, бір бастаудың басына келіп, тастан үй жасапты, төбесін бірталай усақ ағашпен, аңның терісімен жауыпты*» деп берілген. 1988 жылғы нұсқада берілген «*Жеті, сегіз күнде болдырған аты семіріп, құр ат болыпты*» деген оныншы сөйлем 1901 жылы жарияланған түпнұсқада мүлдем жоқ. Алғашқы мәтіннің он бір-он екінші сөйлемдері «*Мерген туғалы мұндай шөпті неше түрлі болып, бірге өскенін көрген жоқ екен. Және неше түрлі ағаштар, неше түрлі қызыл-жасыл қиялар біткен, бұлбұл құстары сайраған, исі жұпар қалампыр сасып тұрған бір жақсы жазира екен*» деп берілген. Екінші мәтінде «*Қарамерген туғалы мұндай сан түрлі жемістер өскен жерді көрген жоқ екен. Неше түрлі ағаштар біткен, бұлбұл құстары сайраған бір жақсы жайлау екен*» деп өзгеріске түсіп берілген. Келесі алғашқы мәтіннің он сегізінші сөйлемінде «*Мерген бақырын түсіріп алып, етін жеді, екі көзін мерген де айырмады, ол қатын да айырмады*» деп берілсе, екінші мәтінде «*Мерген бақырын түсіріп алып, етін жеді, қатын екі көзін мергеннен айырмады*» деп жазылған. Жиырма төртінші сөйлемнің түпнұсқасында «*Мерген ойлады «Енді келе жатыр ғой қайтемін» деп қараса, қатын аяңдап келе жатыр»* деп берілсе, екінші мәтінде «*Қараса, қатын аяңдап келе жатыр»* деп қысқартып берген. Келесі алғашқы мәтіннің жиырма бесінші сөйлемінде «*Аллаға сыйынып, мылтықпенен мерген атып еді*» деп берілген, екінші мәтінде «*Мұның жалмауыз екенін біліп, мылтығымен мерген атып еді*» деп берілген. Осы жерде айта

кететін бір мәселе бар: осы сөйлемдегі «жалмауыз» сөзі тура мағынасында беріліп тұрған жоқ. Мұнда мерген түнде келген көк көйлекті келіншекті адамзатқа зияндық жасайтын зиянкес, қаскөй күш деп түсінген болатын. Сол мағынада «жалмауыз екен» деп айтқан еді. Жалмауыздың сырт бейнесі, іс-әрекеті көп халықтарда, оның ішінде түрік халықтарының ертегілерінде өте ұқсас. Жинаушы Н.Н. Пантусов ертегіні халық аузынан жинап, орыс тіліне аударған, ертегі кейіпкерінің сырт кейпін, іс-әрекетін толық түсінбегендіктен жалмауызды «баба яга» деп аударып берген. Ертегіде әйелді «екі қолының алақаны пышақтың жүзіндей көк темір екен. Саусақтарының ұшы найзадай өткір, тасқа кіріп кетеді» [1, 107-б.] деп сипаттайды. Ал ол қазақ ертегілерінде, хикаяларында кездесетін хикаялық кейіпкердің бірі жезтырнақ екені белгілі.

Сонымен қатар алғашқы мәтінде кездесетін *«Үстіне жайған киімі тілініп, шұрқ-шұрқ тесіліп қалыпты»* деп берілген сөйлем екінші мәтінде мүлдем жоқ. Алғашқы түпнұсқа мәтіндегі сөйлем *«Бір жылан басы көк темір екен, мойнын үзіп түскен екен»* деп берілсе, екінші нұсқада *«Бір жылан екен, басы үзіліп түскен екен»* деп өзгертіп берген. 1901 жылғы ертегінің сөйлемінде *«Бір ақ торғыннан қылған неше түрлі алтын зерменен зинаттаған сүлгі орамал келіп, алдында салбырап тұрды»* деп берілсе, 1988 жылғы нұсқасында *«Бір ақ торғыннан жасалған сүлгі орамал келіп, алдында салбырап тұрды»* деп қысқартып берген. Алғашқы нұсқа мәтінінің отыз бірінші сөйлемінде *«Қыз айтты «Біз көшпелі пері боламыз»»* деп берілсе, екінші нұсқада *«Қыз айтты: «Біз көшпелі жерден боламыз»* деп өзгерткен. Алғашқы нұсқада сөйлем *«Бір мезгілде шошып оянып қараса ... хан қазына бәрі де жоқ»* деп берілген, екінші нұсқада *«Қойнында қыз да жоқ, баяғы үй де жоқ, бәрі де жоқ»* деп өзгеріске түскен. Сондай-ақ алғашқы нұсқаның сөйлемі *««Ырысы жоқтың етегіне бидай салса, еті тұртіп, бидайын төгеді» деген осы екен деп жылап отыр еді»* деп берілген, бұл сөйлем екінші нұсқада мүлдем алынып тасталған. Ертегінің 1988 жылғы нұсқасында берілген *«Жылап отырып еді «Қарамерген» деп біреу дауыстады»* деген сөйлем алғашқы нұсқада *«Қарамерген!» деп дауыстады* деп қысқа берілген. 1901 жылғы алғашқы нұсқада *«Қай жағымнан шығады?» деп, алаңдап тұрып еді»* деп берілген болса, 1988 жылғы нұсқасында *«Дауыс қай жағымнан шығады?»* деп өзгеріске түскен. Біздіңше, түпнұсқадағы кейбір сөйлемдер ертегінің 1988 жылғы нұсқасында дұрыс жөнделіп, оқырманға түсінікті қылып берілген. Келесі түпнұсқада берілген *«Әй, сорлы, енді жылама, көзіңе ақ түссін!»* деген сөйлем, ертегінің екінші нұсқасында мүлдем жоқ, алынып тасталған.

Сонымен жоғарыда өзара салыстырып, талдап отырған сөйлемдерге келетін болсақ, алғашқы нұсқадағы таза ауызекі сөйлеу тіліне тән белгілер, қазақтың ежелгі сөздері алынып тасталып, екінші мәтін өзгеріске түсіп, әдеби тілдің сипатын қабылдаған. Сонымен бірге жинақты құрастырушылар түпнұсқадағы кейбір сөздер мен сөз тіркестерін алып тастап, олардың орнына өздері жаңадан сөздер қосқан. Яғни құрастырушылар өз еркінше түзеп, редакциялаған. Соның салдарынан ертегінің екінші нұсқасындағы кейбір сөйлемдер әдеби болып кеткен, әрі ауызша сөйлеудің өзіне тән сипатынан айырылған. Демек, бұл жердегі редакция еш жөнсіз. Осы жерде айта кететін тағы бір жайт, егер жинақ тілшілерге арналған болса, ертектің немесе ертегіні жазып жіберген жинаушының мәтініне тән фонетикалық ерекшеліктерді де сақтау қажет болады.

Фольклортанушы ғалым С. Қасқабасов ертегілерге арналған жинақты құрастырушылар мәтінді редакциялауда көбіне өз тәжірибелеріне сүйенгендіктен ертектің стилі, халықтың ауызекі тілі толық сақталмай, өз ерекшеліктерінен айырылып, не диалектілік ерекшеліктер өшіріліп қалады дейді. Мәтіндегі кейбір сөйлемдер тым ұзын, шұбалаңқы болса, онда оларды дұрыс қысқа сөйлемдерге бөлу керек, бірақ бір сөздің орнына басқа сөзді, не сөйлемді қоюға болмайды [11, 23-б.] деп ой тұжырымдауы ертегінің түпнұсқа мәтінімен жұмыс істеуде текстологиялық зерттеудің маңызын айқындап көрсетіп отыр.

Қорытынды

Сонымен, орыс шығыстанушылары мен түріктанушыларының жеке қорларында сақталған қазақ халық ауыз әдебиетінің бай мұрасына қатысты материалдарды тауып жинақтау, қолжазбаларын талдай отырып зерттеу, жинақ дайындау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналды. Біз мақаламызда Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ фольклорының бай, мол мұрасына арналған зерттеулердің бір ғана көрінісі ретінде бір қазақ ертегісін алып зерттеп, өзіндік қорытындысын жасап отырмыз. Болашақта бұндай зерттеулер үрдіске айналу қажет деп есептейміз. Өкінішке орай, қазақ ауыз әдебиетіне, фольклорына арналған шығармалар, мәліметтер әр кезеңде, түрлі журналдарда, жинақтарда жарияланып келген, әлі толық әрі жан-жақты дереккөздер базасы, жинағы жасалмаған. Материалдар орталық және аймақтық архивтердің, музейлердің, ғылыми мекемелер мен кітапханалардың қорларында шашыраңқы күйде сақталған. Кеңестік кезеңге дейінгі құжаттар сақталған қорлардың барлығына бірдей рұқсат берілмеген, әсіресе Өзбекстан Республикасының ұлттық архивінде кейбір қорларды қарауға шектеу қойылған.

Қорыта айтқанда, мақаламызда орыс түріктанушысы Н.Н. Пантусовтың ел аузынан жинап, 1901 жылы тұңғыш рет жариялаған қазақтың «Қарамерген» ертегісінің алғашқы нұсқасын зерттеу нысанына алып, оны Кеңес өкіметі кезеңінде, 1988 жылы жарияланған нұсқасымен салыстырып зерттеу, талдау барысында мәтіннің біршама өзгеріске түскенін байқадық. Ертегі мәтіні пунктуациялық, орфографиялық қателерден тазартылды. Мәтіндегі араб, парсы, көне түрік сөздерінің дұрыс оқылуы ерекше бақылауға алынды. Ертегі айтушының ауызекі тіліндегі сөз қолданыстары, ауызша баяндауға тән ерекшеліктер, сондай-ақ, ертегі мәтінде жергілікті өңірдің ертегішісінің баяндауында кездесетін көне сөз басқа сөзбен ауыстырылғаны анықталып, дұрыс қолданылған сөз, сөз тіркестері, сөйлемдер қалпына келтірілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ауесбаева П. и др. Казахский фольклор и литература в собраниях русских востоковедов-тюркологов до начала XX века. Нарративные источники. – Алматы: Silver Press, 2022. – 744 с.
2. Радлов В.В. Алтын сандық / Құраст., алғы сөзі мен түсініктерін жазғ. С. Қасқабасов, К. Ісләмжанұлы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 255 б.
3. Әбжет Б.С. Қолжазба қорларында сақталған қазақ ертегілерін тізімге алу, жариялаудың ғылыми маңыздылығы // Ясауи университетінің хабаршысы.– 2021. – №3. (121). – Б. 7–15. <https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.729>
4. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. Ертегілер. Қиял-ғажайып ертегілер. 3-том / Алпысбаев Т. (жауапты шығарушы). – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Қиял-ғажайып ертегілер. 74-том / Тойшанұлы А. (жауапты шығарушы). – Астана: Фолиант, 2011. – 432 б.
6. Түркі халықтарының хикаялары. – Алматы: ИП «Сагаутдинова», 2014. – 415 б.
7. Ауесбаева П. Ертегі поэтикасына тән кейбір заңдылықтар жөнінде // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2007. – №3 (47). – Б. 58–64.
8. Керім Ш. Перілер туралы хикаялар // Академик Қасқабасов және қазақ фольклористикасы. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2015. – 384 б.
9. Akhmetbekova A. et al. Turkic «hikaya» genre and its characters // Opcion. – 2018. – Volume №34. – Issue №85. – P. 87–106.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 13 том: С-Т / Жаңабекова А. (жауапты шығарушы). – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
11. Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі / Әзібаева Б. (жауапты шығарушы). – Алматы: Ғылым, 1983. – 264 б.

REFERENCES

1. Auesbaeva P. i dr. Kazahskiy folklor i literatura v sobraniyah russkikh vostokovedov-tiurkologov do nachala XX veka. Narrativnye istochniki [Kazakh folklore and literature in the collections of Russian Orientalists-turkologists until the early 20th century. Narrative sources]. – Almaty: Silver Press, 2022. – 744 s. [in Russian]
2. Radlov V.V. Altyn sandyq [The Golden Chest] / Qurast., algy sozi men tusinikterin jazg. S. Qasqabasov, K. Islamjanuly. – Almaty: Ana tili, 1993. – 255 b. [In Kazakh]
3. Abjet B.S. Qoljazba qorlarynda saqtalghan qazaq ertegilerin tizimge alu, jarialaudyn gylymi manyzdylygy [The scientific importance of listing and publishing Kazakh fairy tales preserved in manuscript collections] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2021. – №3. (121). – B. 7–15. <https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.729> [In Kazakh]
4. Qazaq halyq adebieti: Kop tomdyq. Ertogiler. Qial-gajaiyp ertogiler [Kazakh folk literature: multi-volume. Fairy tales. Fantasy Tales]. 3-tom / Alpysbaev T. (jaupty shygarushy). – Almaty: Jazushy, 1988. – 320 b. [In Kazakh]
5. Babalar sozi: Juz tomdyq. Qial-gajaiyp ertogiler [The word of ancestors: one hundred volumes. Fantasy Tales]. 74-tom / Toishanuly A. (jaupty shygarushy). – Astana: Foliant, 2011. – 432 b. [In Kazakh]
6. Turki halyqtarynyn hikaialary [Stories of Turkic peoples]. – Almaty: IP «Sagautdinova», 2014. – 415 b. [In Kazakh]
7. Auesbaeva P. Ertogi poetikasyna tan keibir zandylyqtar joninde [About some patterns inherent in fairy-tale poetics] // Qaragandy universitetinin Habarshysy. Filologia seriasy. – 2007. – №3 (47). – B. 58–64. [In Kazakh]
8. Kerim Sh. Periler turaly hikaialar [Fairy stories] // Akademik Qasqabasov jane qazaq folkloristikasy. – Almaty: Adebiet jane oner instituty, 2015. – 384 b. [In Kazakh]
9. Akhmetbekova A. et al. Turkic «hikaya» genre and its characters // Opcion. – 2018. – Volume №34. – Issue №85. – P. 87–106.
10. Qazaq adebi tilinin sozdigi. 13 tom: S-T [Dictionary of the Kazakh literary language. Volume 13: S-T] / Janabekova A. (jaupty shygarushy). – Almaty: Daur, 2011. – 752 b. [In Kazakh]
11. Qazaq folklori men adebiet shygarmalarynyn tekstologialyq zerttelui [Textological study of works of Kazakh folklore and literature] / Azibaeva B. (jaupty shygarushy). – Almaty: Gylym, 1983. – 264 b. [In Kazakh]